

Қаражал қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 36 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 52 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 5342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Занының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қаражал қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 36 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5206 болып тіркелген, 2019 жылғы 2 наурыздағы № 9 (944) "Қазыналы өнір" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 7 наурызда жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

көрсетілген қаулының 3 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Д. Джакуповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев

Қаражал қаласы әкімдігінің

2019 жылғы "___" _____

№___ қаулысына қосымша

Қаражал қаласы әкімдігінің

2019 жылғы "21" ақпандагы

№36 қаулысына 3 қосымша

Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін үйымдардың тізімі

№	Үйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі қызметкерлердің тізімдік санынан (%)	Қаражал қаласы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Өркен-Атасу" Өкілдігінің "Өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	967	0,1	1
2	"Қаражал қаласының әкімиятының Қалалық коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	100	1	1
3	Жәйрем кенті әкімінің аппаратының "Жәйрем Болашак" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	54	4	2